

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 14 шілдедегі N 958 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 14 қазан N 1123

"Тауарлар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 28 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. "Қағаздан жасалған тұсқағаздардың импорты кезінде қорғау шараларын енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 14 шілдедегі N 958 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Интеграциялық комитетінің хатшылығын және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару комитетін Қазақстан Республикасының ТМД СЭҚ ТН 481410000, 481420000, 481430000, 481490100, 481490900 кодтарына сәйкес қағаздан жасалған тұсқағаздардың импорты кезіндегі қорғау баждарының күшін жоятыны туралы хабардар етсін.

3. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі